



## "AGI Ltd" жеке компаниясына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 28 мамырдағы № 176 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "AGI Ltd" жеке компаниясына қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2031 жылғы 23 желтоқсанға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 886,7843 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "AGI Ltd" жеке компаниясы (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2026 жылғы "28" мамырдағы

№ 176 қаулысына

қосымша

**"AGI Ltd" жеке компаниясына қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі ( 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №3931-ЕЛ лицензиясы)**

				қауымдық сервитут белгіленуге ж а т а т ы н
--	--	--	--	---

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Ж Ш С Агро-байлық"	09:133:064:110	3927,0000	264,8447
2	Сағындыков Аян Шугаевич	09:133:064:161	3601,3000	621,9396
	Барлығы			886,7843

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ